




ТАБИҒАТ
ЖАНАШЫРЛАРЫ

5-БЕТ | ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



СӨЗ ҚОНҒАН ЖАН

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



КИНО: ТӘРБИЕ МЕ,
ТАБЫС КӨЗІ МЕ?

7-БЕТ | МӘСЕЛЕ

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Бала өз ана тілінде
тәрбиеленбесе, өз халқына
қызмет ете алмайды.

Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ

”

№57
(4801)
Сенбі
17 мамыр
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҰБТ БАСТАЛДЫ

Биыл еліміздегі 216 мыңға жуық түлек мектеп бітіреді. Олардың 85 пайыздан астамы ҰБТ-ға қатысуға өтініш білдіріп отыр.

Тестілеудің алғашқы күнінде республика бойынша 4500-ден астам оқушы бағын сынап көрді. Білім сынағы барысында қауіпсіздік шаралары күшейтілген. Талапкерлерге телефон, шпаргалка сияқты тыйым салынған заттарды алып кіруге рұқсат жоқ. Арнайы тексеру бекеттерінде әрбір үміткер мұқият бақылаудан өтеді. Тестілеу форматы өзгеріссіз қалды: 5 пән; барлығы 140 сұрақ; жауап беруге 4 сағат уақыт қарастырылған. Науқан 7 шілдеге дейін жалғасады.



ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТЕДІ


Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен «Руханият» мекемесі ересектерге арналған қазақ тілін тегін оқыту курсын ұйымдастырады.

Өтініштер 19-31 мамыр аралығында қабылданады. Қазақ тілін үйренгісі келетін 18 жастан асқан кез келген азамат тегін курсқа қатыса алады. Курстар 3 маусымда офлайн форматта басталады. Сабақтар мына мекенжайлар бойынша өтеді: Бейбітшілік көшесі, 9, «Руханият» КММ; Р.Қошқарбаев көшесі, 50; Бөгенбай батыр даңғылы, 52, Орталық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы. Өтініштерді қабылдау мекенжайы: Бейбітшілік көшесі, 9, 209-кабинет. Байланыс телефондары: +7 (7172) 24 90 52, +7 (707) 497 7143.



ЖАҒАЖАЙ АЙДЫНДАРЫ ДАЙЫН БА?

Астанада күн күйіп тұр. Қала тұрғындары болса суға шомылу маусымының қашан ашылатынын асыға күтуде. Бүгінгі таңда елорда аумағында шомылуға арналған 5 жағажай айдыны дайындалып жатыр. Ал шомылу маусымы ресми түрде қашан ашылатыны жақын арада жарияланады.



«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСЫҢЫЗ!



Негізгі мақсат – отбасы институты, адамгершілік, руханиятты нығайту, жауапты ерлі-зайыптылықтың маңызын тану; ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру; отбасы құндылықтары, кәметке толған балаларының еңбекке қабілетсіз және егде жастағы ата-аналарына қамқорлығын дәріптеу мен

Бас қалада «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық турына қатысу үшін өтінім қабылдау басталды.

қазақстандық отбасының жағымды имиджін насихаттау. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды (PDF форматында) 15 маусымға дейін merayli.otbasy2025@mail.ru электронды поштасына жолдау қажет. Қосымша ақпарат алу үшін: 8-701-111-13-46; 8-7172-55-67-08; 8-7172-55-72-74 нөмірлеріне хабарласуға болады.

ҚАЗАҚСТАН ӨМІР СҮРУ САПАСЫ БОЙЫНША ЖЫЛ САЙЫНҒЫ HUMAN PROGRESS INDEX (HPI) РЕЙТИНГІНДЕ 196 ЕЛДІҢ АРАСЫНДА 70-ОРЫНҒА ТҰРАҚТАДЫ.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 571.8 \$ USD/KZT 510.58 ₸ RUB/KZT 6.34 ¥ CNY/KZT 70.83

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫ

«Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобының отырысында Мемлекет басшысының Қазақстан халқы ассамблеясын 2030 жылға дейінгі дамыту тұжырымдамасын әзірлеу жөніндегі тапсырмалары талқыланды.

Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың қатысуымен өткен кеңейтілген отырыс «Бір ел – бір мүдде: бейбітшілік пен өркендеу жолында» тақырыбына арналды. Спикер қатысушыларға ілтипат білдіре келіп, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бас-тамасымен жүргізіліп жатқан ауқымды саяси реформалардың нәтижесінде Қазақстан халқы ассамблеясының қызметі тың серпін алғанын атап өтті. Сондай-ақ Палата спикері елімізде бейбітшілік пен келісімді нығайту айрықша қоғамдық-саяси маңызға ие екенін айтты. Ассамблеяның жұмысы табан тірейтін «Бірлігіміз – аралуандықта» қағидаты инклюзивті мемлекеттік саясаттың негізгі мәнін көрсетеді.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқы ассамблеясының сессиясында сөйлеген сөзінде ассамблеяның басты міндеті Қазақстан халқының татулығы мен ауызбіршілігін, мемлекетіміздің тұтастығы мен киелі

тәуелсіздігімізді нығайту екенін айрықша атап өтті. Мемлекет басшысы белгілеп берген мақсат-міндеттер қоғамда келісім, сыйластық және ынтымақтастық сияқты құндылықтарды берік орнықтыру жолындағы күн тәртібін айқындайды. Еліміздің жан-жақты дамуын көздейтін осы стратегиялық бағдарды қолдау аса маңызды. Азаматтық қоғамның белсенді қолдауының арқасында және ассамблеяның барлық институттарын, мемлекеттік құрылымдарды, депутаттық корпусы жұмылдыра отырып, біз тұрақты, әділетті, әлеуметтік және инклюзивті Қазақстан қалыптастыра аламыз» деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Палата спикері қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік саласындағы заңнамалық қамтамасыз ету жұмыстарын үйлестірудің және ортақ мүддеге күш жұмылдырудың маңызына тоқталып, бұл «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобының негізгі міндеті екенін айтты. Сондай-ақ Сенат төрағасы

аталған топ ҚХА-ны 2030 жылға дейінгі дамыту тұжырымдамасының негізгі басымдықтарын талқылайтын маңызды алаң бола алатынын тілге тиек етті.

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезіне дайындық барысына да назар аударды. Ол аталған форум Қазақстан халқы ассамблеясы сияқты халықтық дипломатия мен диалог, құрмет пен сенім мәдениетін ілгерілетуге қызмет ететінін жеткізді.

Отырыста қозғалған мәселелерді талқылауға Парламенттің және облыстық мәслихаттардың депутаттарымен бірге Қазақстан халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары Марат Әзілханов, «Родина» агрофирмасы» ЖШС директоры Иван Сауэр, Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей, мемлекеттік органдар мен саяси партия фракцияларының өкілдері, Сенат жанындағы сарапшылар клубының мүшелері және тағы басқа белсенді азаматтар қатысты.

ҰЛТТЫҚ ӨНІМДЕР ҰСЫНЫЛДЫ

16-18 мамыр аралығында Астанадағы халықаралық EXPO көрме орталығында отандық өндірушілердің VIII «Ulttyq ónim» көрмесі өтуде. Сегізінші рет өтіп отырған көрмеде Қазақстанның 350 өндірушісі азық-түлік өнімдерінен бастап, жеңіл және химиялық өнеркәсіп, машина жасау, медицина жабдықтары, зергерлік бұйымдар және басқа да ірі өндіріс тауарларын ұсынуда. Бұл кәсіпорындардың барлығы өз уақытында «Даму» қорының қаржылық және басқа да қолдау шараларын алған.

«Ulttyq ónim» сегізінші көрмесі – отандық кәсіпкерлікті дамытудың ең жақсы дәлелі мен көрінісі. Өндірушілер еліміздің ішкі нарығындағы ұстанымын нығайтып, экспортқа шығуда. Шетелде танымал брендке айналып жатыр. Ал шағын және орта бизнесті мемлекеттің қолдауы тек күшейе бермек. Биыл экономиканың нақты секторын жедел дамытуға бет бұрдық. Мемлекет ақпарат технологиясы, логистика, туризм, тамақ өнімі, құрылыс материалын өндіру, машина жасау, жеңіл және химия өнеркәсібі сияқты басым салалардағы ШОБ инвестиция жобаларына ашық тапсырыс жариялады. Бұл бағытта жан-жақты қолдау көрсетіледі» деп атап өтті көрменің ашылуында Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин.

Көрмеде ас үй плиталары, желдеткіш, медицина жабдықтары, трансформаторлар, құрама жем, чemoдандар, тоқыма бұйымдары, құрылыс материал-



дары, антисептиктер, киім, аяқ киім және басқа да сұранысқа ие тауарлар ұсынылған. Соның бірі зарарсыздандыру және жуу құралын өндіруші «Аврора» өндірістік кешені» ЖШС нарықта 15 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Мұнда косметика өнімінің 40, тұрмыстық химияның 55, зарарсыздандыру құралының 80-нен астам түрі бар.

«Біз өнім өндіруде тиімділікке, қауіпсіздік пен тауардың тығым қымбат болмауына баса назар аударамыз. Бізден ыдыс

жууға арналған сабын, сұйық сабын, әйнек жууға, ас үйге, кір жууға арналған тұрмыстық химияны сатып ала аласыз. Жаңа өнімдердің арасында үй мен кеңсеге арналған хош иісті диффузорлар бар. Vooboo брендімен балаларға арналған өнімдердің сан алуан түрін шығарудамыз. Өнімдеріміз Қазақстандағы сауда желілерінде, маркетплейстерде және таяу шет елдерде кеңінен ұсынылған» дейді «Аврора» өндірістік кешені» ЖШС өңірлік директоры Ермек Еркінов.

ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАЛАР САҚТАЛАДЫ

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің төрағалығымен ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Қазақстан Республикасы ұлттық комиссиясының кезекті отырысы өтті.

Кездесу барысында ЮНЕСКО және ИСЕСКО-мен ынтымақтастықты дамытудың басымдықтары мен жоспарлары талқыланды. Ерлан Қарин өз сөзінде халықаралық ынтымақтастықтың маңызына тоқталды.

«Біздің жұмысымыздың маңызды бағыты халық-

аралық ынтымақтастық пен ынтымақтастықты нығайту мәселелері болуы керек. Өйткені мұнда Қазақстанның да, көршілес елдердің де ортақ меншігі – көптеген табиғи және мәдени нысандар бар. ЮНЕСКО-ға өтінім бергенде бәсекелестік көзқарас болмауы керек. Негізгі міндет

– аймақтағы барлық елдердің тарихи-мәдени мұрасын сақтау» деп атап өтті Е.Қарин. Осыған дейін ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Қазақстан 2026 жылға қарай 11 жаңа нысанды ЮНЕСКО тізіміне енгізуге өтініш білдіріп жатқанын хабарлады.



ИНВЕСТИОРЛАР ҮШІН БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН

Үкімет басшысы Олжас Бектенов Шетелдік инвесторлар кеңесінің аралық отырысын өткізді. Жиында еліміздегі инвесторлар қызметінің өзекті мәселелері, олардың елішілік құндылықты дамытуға қосқан үлесі қаралды деп хабарлады Үкіметтің баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет бизнес ахуалды жақсарту, экономиканы әртараптандыру қарқынын арттыру бойынша жүйелі шаралар қабылдап жатыр. Бұл капиталдың қосымша ағынын қамтамасыз етуге, ресурстық әлеуетті арттыруға және жаңа өнеркәсіп өндірісін іске қосуға мүмкіндік береді. Премьер-министр экономиканың басым салаларында жаңа жобаларды жүзеге асыру, терең локализациялауды қамтамасыз ету және халықты жұмыспен қамтуды кеңейту үшін инвесторлармен тығыз өзара іс-қимыл жүргізуге баса назар аударды.

– Мемлекет басшысы қазіргі геосаяси және экономикалық жағдайда жеке инвестициялар тарту арқылы кәсіпкерлік белсенділікті арттыру үшін қолайлы орта құру басым бағыт екенін атап өткен болатын. Біз сіздермен Қазақстанда жұмыспен қамтуды арттыруға және терең локализациялауға ықпал ететін жаңа өндіріс орындарын құруға мүдделіміз. Ынтымақтастықтың жаңа бағыттарының әлеуетін ашу және экономиканың басым секторларында серпінді жобаларды іске асыру маңызды. Ол үшін бізде барлық жағдайлардың орындалуына ықпал жасалған. Қазақстан Үкіметі сындарлы диалогқа ашық және еліміздің дамуына ықпал ететін шешімдерді бірлесіп жүзеге асыруға дайын, – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Отырыс барысында инвестициялық саясатты жүзеге асыру; денсаулық сақтау және фармацевтика өнеркәсібін дамыту; энергетика, экология және мұнай-газ саласы; еңбек заңнамасы, адами капиталды дамыту; цифрландыру мәселелері бойынша бірлескен жұмыс топтарының баяндамалары тыңдалды.

«Қазақстандық шетелдік инвесторлар кеңесі» қауымдастығының басқарма төрағасы, Орталық Азия мен Кавказ елдеріндегі ЕУ басқарушы серіктесі Ерлан Досымбеков, ExxonMobil Kazakhstan Inc. басқарушы директоры Сесиль Ролин, «Кнауф Гипс Қапшағай» ЖШС Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан республикаларында маркетинг және өткізу жөніндегі директоры Димитрий Пропп, KPMG Caucasus and Central Asia басқарушы серіктесі әрі атқарушы директоры Сәкен Жұмашев, «Химфарм» АҚ бас директоры Адам Алемсеюк, Еуропа қайта құру және даму банкінің басқарушы директоры Хусейн Өзхан сөз сөйледі. Спикерлер алдағы жұмыс экологиялық реттеуді, бұлтты технологиялар мен жасанды интеллектіні, көші-жон нормаларын жетілдіруге, қаржы нарығын пайдалану саласындағы процестерді цифрландыруға, Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі мәселесі бойынша ведомствоаралық үйлестіруді күшейтуге, денсаулық сақтауға инвестициялар

мен технологияларды тартуға бағытталатынын атап өтті.

Инвесторлар көтерген мәселелер бойынша Ұлттық экономика, Энергетика, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі, Денсаулық сақтау министрліктерінің басшылары түсіндірме берді. Мәселен, Қазақстанда бизнес ахуалды жақсарту бойынша бірқатар жүйелі шаралар жүзеге асырылуда. Жергілікті жеткізушілерді қолдауды және оларды қосылған құн тізбегіне біріктіруді көздейтін «Өнеркәсіптік саясат туралы» заң қабылданды.

Тұрақты бизнес-экожүйені қалыптастыруға бағытталған 2029 жылға дейінгі Инвестициялық саясат тұжырымдамасы өзектендірілді. Жобаларды іске асыру кезеңдерін жеңілдететін ұлттық цифрлық инвестициялық платформа іске қосылды. Инфрақұрылымдық қолдау қамтамасыз етілді – инвесторларға арнайы экономикалық, индустриялық және шағын өнеркәсіптік аймақтардағы дайын өндірістік алаңдар ұсынылады. Жұмыс істеп тұрған өндірістерді жүктеу және жаңа қатысушыларды тарту үшін ұзақмерзімді шарттар мен оффтейк-келісімшарттар жасасу бойынша Премьер-министр мемлекеттік органдар мен ұйымдарға айтылған мәселелер мен ұсыныстарды пысықтауды тапсырды.



ҰЛТ МҮДДЕСІН БИІК ҚОЙҒАН

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы, сыншы, журналист Смағұл Сәдуақасұлының туғанына 125 жыл толуы мен «Қазақ» атауының қалпына келтірілгеніне 100 жыл толуына арналған «1925 жыл: ұлт мұраты шыңдаған қайраткерлік» атты ғылыми-практикалық конференция өтті.

Индира
БЕРЖАНОВА

Конференцияны жүргізген «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры, ҚР ҰҒА академигі Дихан Қамзабекұлы өз сөзінде жиынның мақсат-міндетіне тоқталды. Мемлекет басшысының кеңесшісі, ҚР ҰҒА академигі Бауыржан Омаров Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді.

«Смағұл Сәдуақасұлы – халқымыздың біртуар перзенті, тұғырлы тұлға, ол төл руханиятымызды өркендетуге зор еңбек сіңірді. Тұңғыш қазақ драма театрының ашылуына, Қазақ педагогика институтының іргелі оқу орнына айналуына ықпал етті. Бүгінгі «Егемен Қазақстан», «Ақиқат» сынды бірқатар басылымның тарихи баста-

уында тұрды. Қазақ баспасөзін дамытуға белсене атсалысты. Халқымыз Смағұл Сәдуақасұлының есімін ешқашан ұмытпайды, оның өнегелі өмірі – ескелең ұрпаққа әрдайым үлгі» делінген Президент құттықтауында.

Сонымен қатар салалық министрліктермен бірге, Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің құттықтауы жеткізілді. «Ауыл» партиясы фракциясының мүшесі, Парламент Мәжілісінің депутаты Ерболат Саурықов партия атынан оқыған құттықтауында Смағұл Сәдуақасұлының Алаш қайраткерлері арасындағы ең жасы болғанына қарамай, өзінің қайраткерлік дарынымен, ізденгіштігімен, білмекке құмарлығымен Кеңес Одағының алғашқы жылдарында-ақ көрнекті тұлға айналғанын атап өтті.

Жиында сөз алған Мәжіліс де-

путаты Қазыбек Иса қайраткердің мемлекеттік тіл туралы жазған «Ойлануға тура келеді» атты мақаласын талдап, жазушы сынға алған мәселе, қазақтар қоныстанған уездегі құжаттардың орысша жазылғанын, оның салдарынан қазақтың бойындағы ұлтына аянышпен қарау, жасқаншақ болу секілді мәселелердің туындағаны жөнінде ой қозғады.

Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зиябек Қабылдинов «Смағұл Сәдуақасұлының мемлекеттік құрылыс және тарихтану туралы ұстанымдары» атты баяндамасында жазушының қаламгерлігімен қоса қайраткерлігін, оның басшылық қызметін жан-жақты әңгімелеп берді.

Конференцияға қатысқан «Қаһармандар» республикалық қоғамдық қорының президенті Сабыр Қасымов, алаштанушы-ғалым, профессор Тұрсын Жұртбай, Мәжіліс депутаты, тарих ғылымдарының докторы, профессор Еркін Әбіл, өзге мемлекет және қоғам қайраткерлері Смағұл Сәдуақасұлының тарихқа, әдебиетке және журналистикаға қосқан өлшеусіз еңбегі туралы кеңірек тарқатты.

ЖАСТАРДЫ ҚЫЗЫҚТЫРҒАН ШАРА

Мағжан Жұмабаев халықаралық жоғары колледжінде кезекті Jastar Talks іс-шарасы өтті.



Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы ұйымдастырған, өз саласында жетістікке жеткен тұлғалар мен жастардың еркін форматтағы сұхбаттасуында студенттер «Хабар» телеарнасының жүргізушісі Алмас Тоғаймен кездесті.

«Іс-шара 2020 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. Ең негізгі мақсат – ұрпақ сабақтастығын жалғау, аға буын мен жастардың бір-бірімен танысып, тәжірибе алмасуына мүмкіндік жасау, идеологиялық тәрбие беру. Біз еркін сұхбатқа түрлі сала мамандарын шақырамыз. Оның ішінде қоғам қайраткерлері, БАҚ өкілдері, әнші, актер сияқты өз саласында жетістікке жет-



кен жандар бар. Олар өздерінің өмірлік тәжірибесін айтады. Ал студенттер оларға қызықтырған сұрақтарын қояды. Мұндай іс-шара жастардың өзі таңдаған мамандығының білгірі ғана емес, өмірде де өз орнын табуына бағыт-бағдар береді деп ойлаймын» деді Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы жастар бастамаларын қолдау бөлімінің маманы Дәуіржан Жұмаханов.

Алмас Тоғай студенттерге өзінің телеарна саласындағы жұмысы жайлы, қазір елімізде жастар үшін оқуға да, жұмыс істеуге де, кәсіпкерлікпен айналысуға да жан-жақты жағдай жасалып жатқанын айтып берді. Спикер сондай-ақ жастарды толғандырған барлық сауалға жауап берді.

КЕҢЕЙТІЛГЕН КЕҢЕС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитеті Астана қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің қатысуымен білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларының өкілдерімен бірге кеңейтілген кеңес өтті.

Кеңес барысында «Онлайн бюджеттік мониторинг» жүйесінің енгізілуі және оның нәтижелері талқыланды. Сонымен қатар онлайн-мониторинг

шеңберінде тәуекелмен таныстыра отырып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және бюджет қаражатын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Рес-

публикасының заңнамасын сақтаудың маңызына ерекше назар аударылды. Қатысушылар аталған мәселелер бойынша өз пікірлері мен ұсыныстарын білдірді.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – ЖАУАПТЫ МІНДЕТ

Кеше Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай Президенттік жастар кадр резервіне кезекті іріктеудің ерекшеліктері мен кезеңдері туралы БАҚ өкілдері алдында брифинг өткізді. Төрағаның айтуынша, дарынды, бастамашыл, кәсіби білікті жастарды мемлекеттік басқару жүйесіне тартуға бағытталған маңызды жобаның мемлекетшіл жас буын үшін берері көп.

Ержан
ҚОЖАС

Төрағаның сөзінше, бұған дейін 2019, 2021 және 2023 жылдары өткен іріктеуге қатысуға жалпы 60 мыңнан астам қазақстандық қызығушылық танытқан. Іріктеу қорытындысы бойынша резервке 400 адам қабылданды. Бүгінде олардың 318-і жауапты қызметке тағайындалып, экономиканың түрлі саласында ел дамуына өз үлесін қосуда.

«Биыл біз Президенттік жастар кадр резервіне кезекті төртінші іріктеуді өткізуді жоспарлап отырмыз. Төртінші іріктеудің ерекшелігі – әр бағыт бойынша кандидаттардың біркелкі санын қамтамасыз ету мақсатында әрбір кезеңде пропорционалды іріктеу өткізу. Яғни резервтің әр салалық бағыты бойынша квоталар қарастырылып, іріктеу сол салалық бағыт бойынша ғана жүргізіледі. Кандидаттарға қойылатын жалпы талаптар бұған дейін өткен іріктеудің талаптары сияқты, яғни кандидаттардың жасы 35-тен аспауы, жоғары білімінің, 5 жылдан кем емес еңбек өтілінің және қазақ тілін меңгеруі В1 деңгейінен төмен емес болуы туралы талаптар сақталады. Іріктеуге қатысуға Президент тағайындаған адамдар, саяси қызметшілер, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері, Президенттік жастар кадр резервінде тұрған адамдар жіберілмейді» деді Дархан Жазықбай.

Іріктеу мемлекеттік аппараттың салалық кадрларға қажеттілігін ескере отырып, инфрақұрылым, өнеркәсіп және сауда саясаты, агроөнеркәсіп кешені және қоршаған орта, сыртқы саясат және инвестициялар, экономикалық және қаржы саясаты, цифрландыру, әлеуметтік саясат және азаматтық қоғам сынды 6 негізгі сала бойынша жүргізіледі. Кандидат тіркелу кезінде көрсетілген салалық бағыттардың бірін таңдауы қажет. Сондай-ақ Президенттік жастар кадр резервінің мүшесі болу үшін үміткерлер 6 кезеңнен тұратын кешенді іріктеуден өтуі тиіс.

Брифинг соңында агенттік төрағасы ел мүддесіне қызмет етемін деген белсенді жас азаматтарды Президенттік жастар кадр резервіне қатысуға шақырды.

«Білімді, еңбекқор, отанға қызмет етуді парыз санайтын жастар – еліміздің тұрақты дамуының басты қозғаушы күші. Жастардың білімін, әлеуеті мен күш-жігерін ел игілігі үшін тиімді пайдалану, қоғамдық мүддеге негізделген кәсіби мемлекеттік қызметшілердің жаңа буынын қалыптастыру – агенттік жұмысының басты бағытының бірі» деді Дархан Жазықбай.

Айта кетейік, құжаттарды қабылдау 1-30 маусым аралығында pkrezerv.gov.kz ресми платформасында онлайн режимде жүзеге асырылады.

СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ

Елордадағы «Атырау» көпірінде «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Су – тіршілік көзі» атты бірегей көрме өтуде. Бұл – судың өткір тапшылығы жағдайында елорданың болашағына көз салған көрнекі саяхат.

«Су – тіршілік көзі» – жасанды интеллект призмасы арқылы тұщы су тапшылығы кезінде Астананың 30 жылдан кейін қандай болатынының болжалды көрмесі. Ұйымдастырушылар түсіндіргендей, көрме болашақтың ықтимал сценарийін ұсынады және қазірден бастап әрекет етіп, оны болдырмауға үндейді.

«Осылайша біз елорда тұрғындарының назарын ауыз су тапшылығы сияқты жаһандық проблемаға аударғымыз келді. Көрме әрбір адамның қаламыздың болашағына деген жеке жауапкершілігін оятып, табиғи ресурстарға ұқыпты қарауға шақыруы тиіс» деді «Астана жастарының» өкілі Айсұлу Қайыр.

Бейнелеу жұмысы күшті эмоционалды әсер қалдырады және бізді қоршаған ортаға деген көзқарасымыз туралы ойлауға мәжбүр етеді. Әрбір картина климаттың өзгеруі, қоршаған ортаның болжамы және қалалық трендтер туралы деректерге үйретілген AI көмегімен жасалды.

– Суреттер, шынымен, ауыр әсер қалдырады және болашақ туралы ойлануға мәжбүр етеді. Өйткені 30 жыл – қысқа уақыт, егер ресурстарды үнемдеуді бүгіннен бастап қолға алмасақ, мұндай жаһандық мәселе Астананың әрбір тұрғынына әсер етуі мүмкін, – деді қала тұрғыны Әлия Аязбекова өз әсерімен бөлісіп.



ЕҢБЕК АДАМЫ

ӘКЕЛІ-БАЛАЛЫ
ЭНЕРГЕТИКТЕР

Астанадағы Қалназаровтар отбасы ондаған жыл бойы елорданың жылу энергетикасы саласында еңбек етіп келеді. Осы уақыт ішінде олар қаланың тұрақты жылумен қамтылуына елеулі үлес қосып жүр.



Отағасы Ерғаш Қалназаров «Астана-Теплотранзит» АҚ-та сорғы қондырғыларының машинисі болып жұмыс істейді. Ол бұл салада 40 жылдан астам еңбек етіп келеді. Еңбек жолын жөндеу-механика цехының слесарі ретінде бастап, тәжірибелі машиниске дейінгі жолдан өткен. Еңбегі бірнеше марапатқа ие болған, оның ішінде «Энергетика ардагері» атағы мен Астананың 20 жылдығына арналған мерейтойлық медаль бар.

– Мен үшін жылумен қамту саласындағы жұмыс жай ғана мамандық емес, бұл – халыққа қызмет ету. Біз мыңдаған тұрғындардың үйінде жайлылық пен тұрақтылықты қамтамасыз етеміз. Бұл – үлкен жауапкершілік. Қалаға, елге, халыққа нақты пайда әкеліп жүргеніме мақтанамын! – дейді Ерғаш Қалназаров.

Оның айтуынша, алғашқы жылдары оңай болмаған, көп нәрсені үйреніп, жұмыс ерекшелігін тереңінен түсіну қажет болды. Бүгінде ол өз таңдауына сенімді және бұл істің қоғам үшін маңызын жақсы түсінеді.

Отбасындағы дәстүрді қызы – Алина Қалназарова жалғастырып келеді. Ол «Астана-Теплотранзит» АҚ-тың жедел-диспетчерлік қызметінің химиялық зертханасында лаборант болып жұмыс істейді.

– Бала кезімде әкем мені әрқашан «Теплотранзиттің» Наурыз, Жаңа жыл сынды корпоративтік мерекелеріне апаратын. Сол кезде ұжымдағы бірлік пен кәсібилік атмосферасы мені таңғалдырды. Сол сәтте-ақ мен осы команданың бір бөлігі болғым келетінін түсіндім, – дейді Алина.

Лаборант ретінде ол желілік судың сапасын зерттейді, коррозияның жай-күйін анықтайды және жылу желілеріне жүргізілетін гидравлика сынақтарын тексереді.

– Маған «Теплотранзиттегі» ұжымның ұйымшылдығы мен кәсіби өсу мүмкіндігі қатты ұнайды. Бірақ ең маңыздысы – қала тұрғындарына жылу мен жайлылық жасауда өз үлесімді қосып жатқанымды сезіну, – деп қосты Алина. Ол сондай-ақ компанияда кәсіби және жеке дағдыларды дамытуға жақсы жағдай жасалғанын атап өтті.



ТЕРЕК МАМЫҒЫНАН
ТАЗАЛАУ БАСТАЛДЫ

Бас қала көшелерінде осы аптадан бастап терек мамығы ұша бастады. Жерге түскен көбік қардай көрінетін осы ұлпа қала тұрғындарының көзі мен құлағына кіріп, мазасын қашырып отырғаны рас. Тіпті кейбір адамдардың аллергиясын күшейту қаупі бар да көрінеді. Ал «Астана Тазалық» ЖШС қала көшелеріндегі терек мамығымен күрес жүргізуді белсенді түрде бастап кетті.

Ержан
ҚОЖАС

Бүгінде мамық маусымы басталуына орай аталған тазалық мекемесі бірқатар арнайы техникасын іске қосқан. Қазір қала көшелерінде 74 су шашатын арнайы техника және 18 сыпыру-вакуумды (шаңсорғыш) техника жұмыс істеуде. Арнайы техникалар күшейтілген режимде, әсіресе көлік қозғалысы аз таңертеңгі және кешкі уақытта жұмыс істейді. Су шашатын машиналар тек шаң мен мамықты азайтып қоймай, сонымен қатар, қала көшелерінің санитарлық жағдайын жақсартуға ықпал етіп отыр.

«Біз алдымен ағашта жиналып тұрған, әлі ұшып үлгермеген мамыққа арнайы жабдықталған техникамен су шашамыз. Ал ол су тиген соң жерге түседі. Одан кейін оған қайта су шашылып, жердегі мамық топыраққа жабысып қалады. Нәтижесінде ол ұшпай, бір жерге жиналып, тығыз бір қалдық затқа айналады. Осылайша жиналған мамықты



арнайы шаңсорғыш машина сорып алып, қалдық ретінде әкетеңді. Жалпы бұл әдіс көшелерді мамықтан тазартудың ең тиімді әрі қауіпсіз жолы болып

отыр. Қала тұрғындарына да осылай көмек көрсетуге тырысудамыз» дейді «Астана Тазалық» ЖШС өндіріс-техника бөлімінің жетекшісі Ержан Пашанов.

ҚАЙ ЖЕРДЕ ШОМЫЛУҒА БОЛАДЫ?

Елордада жаз маусымы басталысымен су айдындарында демалушылар саны артады. Осыған байланысты қала прокуратурасы мен Төтенше жағдайлар департаменті алдын алу жұмысын күшейтті. Олар рұқсат етілмеген жерлерде шомылуға қатаң тыйым салуда.

Аталған мекемелер тарапынан қажетті нормативтік құжаттар әзірленіп, бекітілді, Есіл өзенінде тәулік бойы патрульдеу ұйымдастырылды, қауіпті аумақтарға ескерту белгілері орнатылды және білім беру мекемелерінде қауіпсіздік күшейтілді.

Бүгінде қала аумағында шомылуға арналған 5 ресми орын

белгіленген: орталық жағажай, «Три пескря» (Көктал-1), «Армина», «Столичный двор» (Күйгенжар) және Ш.Бейсекова көшесінде көпір маңындағы коммуналдық жағажай.

Төтенше жағдайлар департаменті қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттігін ескертеді, яғни тек арнайы белгіленген және жабдықталған

жерлерде шомылу, қалқымадан асып жүзбеу, балаларды қараусыз қалдырмау және мас күйде суға түспеу керек. Сол ережелерді сақтамағандықтан, 2023 жылы елорда су айдындарында 4 адам, оның ішінде 1 жасөспірім қаза тапты. Қайғылы жағдайдың бәрі шомылуға тыйым салынған жерлерде әрі қауіпсіздік ережелерін сақтамаумен байланысты болған, яғни олар арнайы жабдықталмаған орындарда шомылған, мас күйде суға түскен және балаларды қараусыз қалдырған. Бұл ережелерді бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Өткен жылы 1,5 миллион теңгеге 264 әкімшілік хаттама толтырылған. Осы мақсатта қазіргі таңда қаланың барлық ауданында прокуратура, ТЖД, полиция және әкімдік өкілдерінің қатысуымен рейдтер өтіп жатыр. Су айдындары, рұқсат етілмеген шомылу орындары, субұрқақтар және өзге де қауіпті аймақтар, әсіресе балалар жиі баратын орындар тексерілуде.



– Кәмелетке толмағандар үшін қауіп төндіретін жерлер ерекше бақылауда. Дрон көмегімен шомылуға арналмаған жағалау аумақтары анықталып жатыр. Мысалы, Сарайшық ауданында қауіпті су қоймасы анықталып, сол жерде ескерту белгілері орнатылып, жауапты қызметтердің кезекшілігі ұйымдастырылды және мо-

ниторинг жүргізілуде, – деді Астана қаласы прокурорының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі аға көмекшісі Әйгерім Өмірзақова.

Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Ренат Смағұлов Астана қаласы ТЖД азаматтық қорғаныс басқармасының қыз-

меткерлері Есіл өзені мен басқа да қауіпті аймақтарды тәулік бойы патрульдеу жүргізіліп жатқанын жеткізді. Қазіргі таңда судағы оқиғалардың алдын алу, ереже бұзушыларды анықтау және тұрғындарды қауіпсіздік ережелерімен таныстыру мақсатында тұрақты түрде рейдтік іс-шаралар жүргізілуде.



ТАБИҒАТ ЖАНАШЫРЛАРЫ

Елорданың ерке Есілінің экологиялық жағдайы мәз емес екені көпшілікке белгілі. Бүгінде көктеп, балдыр басып кеткен өзен жағалауымен серуендеудің өзі мұңға айналды, себебі құл-қоқыс толып, танауды жаратын жағымсыз иіс бар. Осы мәселені шешіп, Есіл өзенінің экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында Астананың Әлкей Марғұлан атындағы №40 мектеп-лицейінің 5-сынып оқушылары Айзат Шаяхмет пен Нұрбақыт Ермеқұлы бірегей жобаларын ұсынды.



Индира
БЕРЖАНОВА

Табиғат жанашырлары аталмыш жобаны «Таза Қазақстан» экофестивалі барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа таныстырды. Бұл көрмеде өңір-өңірден үздіктер жиналып, жалпы саны 8 экожоба ұсынылды. Ал астаналық дарынды оқушылар бірден ізденімпаздығымен көзге түсіп, Президенттен «жарайсың!» деген қолдау да естіп, қол алысты.

Президентпен кездесу армандарымның бірі еді. Әу баста Есіл өзеніне арналған жобаны бүгінде кез келген өзен-көлді қорғап қалуға бағыттасақ болады. Жобаны іске асырып, тиімділігін көру – басты арманымыз. Бұл жобаны біз кездейсоқ ұсынған жоқпыз. Мектебіміздегі орта буын оқушыларына арналған «Эко патруль» ерікті тобының мүшесіміз. Осы ерікті топтың басқа да мүшелерімен бірге жыл сайын елорданың табиғи орындарын аралаймыз. Осындай сапарлардың бірінде Есіл өзеніне барып, зерде-


леп, айналасы құл-қоқысқа толы екеніне куә болдық. Мұндай күйдегі өзеніміздің тазалығын қалай сақтап қалсақ деген ой мазалады. Нәтижесінде бұл мәселені шешуге бағытталған жобамызды іске асыру идеясы келді.

Жоба Есіл өзенінің қазіргі жағдайы мен болашақтағы жағдайы деген екі бөлімнен тұрады. Яғни қазіргі жағдайда өзен лас-танған, қоқыстан зардап шегуде. Мұндай күйге жеткізген әрине, адамзат. Жаз мезгілінде өзен жағалауында демалып, серуендеп жүріп, көпшіліктің тағам қалдықтарын тастап кететіні үйреншікті жағдайға айналды. Мақсатымыз – өзенді барынша тазарту» деді жоба авторларының бірі Айзат.

Стартап жобаның екінші бөлімін Нұрбақыт таныстырып, Есіл өзенінің болашақтағы бейнесін көрсетті. Оқушы Есіл өзенін саф күйге жеткізуге мүмкіндік беретін бірнеше жолдар ұсынды.

– Бұл – сіз бен біз болып атқарған жұмыстың нәтижесі. Алдымен біз 2-3 метрлік қорғаныш темір торларын орнатамыз. Олар желмен ұшып кел-

ген түрлі қалдықтар мен қоқыстарды 60-70% шамасында ұстап тұруға септеседі. Сондай-ақ қорғаныш торлары жаз мезгілінде балалар мен жасөспірімдердің белгіленбеген жерде суға түсуін қорғап, қайғылы оқиғалардың алдын алады. Мұндай қорғаныш торларын, негізінен, адам көп шоғырланған жағалауларға және



камералар орнатылмаған орындарға қойған дұрыс.

Өзенді қорғаудың тағы бір жолы – молоскалар. Олар өз сифондары (дене мүшелері) арқылы лас суды сіңіріп, таза су шығаратын қасиетке ие. Табиғатты ластауда адам кінәлі. Сондықтан оны аялау – басты парызымыз, – деді Нұрбақыт.

Оқушылардың жобаны бастауға жаратылыстану пәніне қызығушылықтары сеп болса керек. Шетелдік үлгілердің ішінде Жапонияның тәжірибесіне сүйеніп, екі ай уақыт бойы дайындалған. Биыл «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған «Pro Eco» байқауының қалалық кезеңінде бас жүлде алып, жоба көптің ішінде топ жарған еді.

Талабы таудай оқушылардың әр идеясын мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, экологиялық топтың жетекшісі Қайрат Атчибаев қолдап келеді. Спикердің айтуынша, орта буын оқушыларына ғана емес, жоғары сыныптарға арналған «Eco Team» тобы 2019 жылы құрылып, бүгінде бірқатар жас экологтарды тәрбиелей білген бірегей алаңға айналды.

– Оқушылардың Мемлекет басшысымен кездесіп, жобаларын көпшілік алдында таныстырғаны айтарлықтай серпін берді. Бүгінде ерікті тобымыздың мүшесі болғысы келгендер арта түсті. Әрине, бұл жоба оқушылардың ой-қиялынан туындаған. Бірден іске аспаса да, бастауы көпшілікке ой салса деген үміт бар. Мұндағы мақсат – Есілдің айналасын түгел қоршап тастау емес, тек адам көп баратын жағалаулардың маңында орналастыру, сол арқылы қауіпсіздікті күшейту.

Экомәдениетті кеңінен насихаттау мақсатында ерікті топпен бірге бастауыш сынып оқушыларымен кездесеміз.

Қағазды дұрыс сұрыптау, органикалық қалдықтардың мәні, қалдыққа екінші өмір сыйлаудың қыр-сыры жазылған ақпараттық тақтайшаны топ мүшелері өзге оқушыларға түсіндіреді. Мұндай бастама барлық мектепке ғана емес, қоғамға өте қажет. Бала көргенін істейді, сондықтан экомәдениетті балабақшадан-ақ бастап үйреткен дұрыс. Ал мектеп қабырғасында бөлек экология пәнін енгізсек те артық емес. Себебі жаратылыстану пәнінде салаға қатысты кейбір тақырыптар айтылуы мүмкін, бірақ ол кең көлемде талданбайды, – деп ой бөлісті Қ.Атчибаев.

Көктем-жаз мезгілінің келуімен құрғақ шөп пен қоқыстың жану жағдайлары жиілеп кетті. Көптеген азаматтар салдарын түсінбей, саяжайларда, егістік алқаптарда немесе тұрғын үйлердің жанында құрғақ шөпті жағады. Алайда мұндай әрекеттер қоршаған ортаға, адамдардың өмірі мен мүлкіне үлкен қауіп төндіреді.

ҚҰРҒАҚ ШӨП ҚАУІПТІ



Жалпы, құрғақ шөпті жағудың қауіптілігі туралы айтсақ, оның бірнеше себебі бар. Олар:

- Оттың жылдам таралуы. Құрғақ әрі желді ауа райында от найзағайдай жылдам тарап, санаулы минуттарда үлкен аумақты шарпып кетуі мүмкін. Мұндай жағдайда өртті сөндіру өте қиынға соғады.
 - Адам өмірі мен денсаулығына қатер. Өрт тұрғын үйлерге, шаруашылық нысандарына, көліктерге жайылуы мүмкін. Адамдар күйіп, улы газбен улануы ықтимал. Жыл сайын өрт салдарынан қаза табу оқиғалары тіркеліп отырады.
 - Экологияға зиян. Құрғақ шөптің жануы топырақтың құнарлы қабатын, жәндіктерді, ұсақ жануарлар мен құстардың ұяларын жояды. Ауаға зиянды заттар мен күйе бөлінеді.
 - Орман және дала өрттерінің қаупі. Бақылаусыз қалған бір ғана от – бірнеше күнге созылатын ірі өртке, табиғи апатқа себеп болуы мүмкін.
- Өрттің алдын қалай алуға болады дегенге келсек, бұл ретте мына жайларды ескерген жөн. Ашық жерлерде от жағуға болмайды. Өшпеген темекі мен шырпыны тастаманыз. Қоқыс пен құрғақ шөпті жағудың орнына механикалық әдіспен тазалаңыз. Балаларға отпен ойнаудың қауіпті екенін түсіндіріңіз.
- Өрт шыққанын байқасаңыз, 101 немесе 112 нөміріне дереу қоңырау шалыңыз. Есіңізде болсын, от салғырттықты кешірмейді!
- Әрбір азамат өз қауіпсіздігі мен айналасындағылардың амандығына жауапты. Бақытсыз жағдайға себепкер болмаңыз. Құрғақ шөпті жақпаңыз, табиғатты, өмірді және болашақты сақтаңыз!

Дария БАЙЗУЛОВА,
Астана қаласы ТЖД Алматы ауданы ТЖБ бас маманы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне және денсаулық сақтау саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес қаңды және оның компоненттерін дайындау, өңдеу, сапасын бақылау, сақтау, өткізу мемлекеттік медициналық ұйымның қан қызметі саласындағы қызметіне кіреді.

Реципиенттер үшін тұтас қан мен оның компоненттерінің қауіпсіздігіне кепілдік беру және қауіпсіз қан тапсыру – қан қызметінің негізгі міндеттерінің бірі.

Отандық және әлемдік тәжірибе көрсеткендей, қан банкім ұсынылатын толықтыру және жұмылдыру резервін құру үшін өтеусіз және тұрақты қан донорлығын дамыту адам өмірін, атап айтқанда, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға тап болған адамдар тобын құтқару.

Донорлықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қан құю кезінде жұқпалы аурулардың берілуін болдырмауға бағытталған іс-шаралардың тұтас кешені іске асырылуда. Гемотрансмиссивті инфекциялардың ұзақ жасырын кезеңін ескере отырып, карантиндеу, лейкофилтрация әдістері қолданылады, вирустық инактивация әдісі енгізілді.

Қан донациясын өткізудің шарттары: - жеке басын куәландыратын құжаттар, - сауалнама - зертханалық тексеру жүргізу - дәрігерлік тексеру. АИТВ – инфекциясына, бруцеллезге, В гепатитіне, С гепатитіне және мерезге донорды міндетті түрде тексеру. Бұл

ДОНОРЛЫҚ ЖӘНЕ АИТВ

Бүкіл әлемде донорлық қан дайындау кезіндегі қауіпсіздік мәселесі бірінші орында тұр. Қауіпті инфекциялар қоздырғыштарының қанға түсу ықтималдығын болдырмау үшін донордан бастап қан мен оның компоненттерін беруге дейінгі барлық кезеңдер (сапасы мен қауіпсіздігі) «Донорларды медициналық куәландыруға, медициналық қолдану үшін қан өнімдерін өндіру кезіндегі қауіпсіздік пен сапаға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 2 қазандағы № ҚР ДСМ-113/2020 бұйрығына қолдану» бұйрығына және денсаулық сақтау саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүргізіледі.

скрининг сапаны қамтамасыз ету жөніндегі жүйенің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

АИТВ – инфекциясына және басқа да гемоконтактті инфекцияларға тексеруден бас тартқан кезде адам донор бола алмайды. Егер талдау процесінде инфекция анықталса, адам донорлықтан мерзімсіз шеттетіледі. Донорлық қан үлгілерін зертханалық зерттеу нәтижелері медициналық пайдалануға жарамдылығын анықтау кезінде донорлық қан компоненттерін жоюды жүргізу кезінде пайдаланылады.

Донорлықтың негізгі басымдықтарының бірі қан тапсыру рәсімінің 100% қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Барлық медициналық манипуляциялар кезінде тек бір реттік медициналық құралдар мен жинақтаушы материалдар пайдаланылады, медициналық персоналдың дезинфекциялық режимді сақтауы (жеке қорғаныс құралдарының болуы, шынтак бүгілуін

өңдеу және т.б.) донор үшін жұқпалы ауруларды жұқтыру қаупінің болмауына кепілдік береді. Бұл ретте медицина қызметкерлері қанмен және басқа да дене сұйықтықтарымен жұмыс істеу кезінде әмбебап сақтық шараларын сақтайды.

Қан мен оның компоненттерінің донорлығы – донорлардың қан мен оның компоненттерін ерікті түрде тапсыруы, сондай-ақ қан мен оның компоненттерін дайындаудың қауіпсіздігін ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар.

Науқас адамдар үшін әрбір жоғалған минут – төтенше жағдай. Кез келген минутта және кез келген жерде зардап шеккендердің қан жоғалтуымен жазатайым оқиға болуы мүмкін.

Қан мен оның компоненттерін тапсыру біраз уақытты алады, ал қан дереу қажет болуы мүмкін, сондықтан донорлық шұғыл

емес, тұрақты болуы керек, тек осылай ғана қан компоненттерін, соның ішінде төтенше жағдайларда зардап шеккендерді тұрақты қамтамасыз етуге болады.

АИТВ-инфекциясы туралы: Бүгінде АИТВ - инфекциясы сияқты ауру туралы естімеген адам бар ма? АИТВ-инфекциясы барлық континенттерге және әлемнің барлық елдеріне баяу, бірақ тұрақты түрде еніп кетті. Планетамыздың әрбір жүзден бір ересек тұрғыны АИТВ жұқтырған деп саналады. Көптеген елдер үшін АИТВ-инфекциясы – ең маңызды мәселе. Адам ғана оның клиникалық көрінісі бар ма, жоқ па екендігіне қарамастан инфекцияның көзі болып табылады. Сыртқы түрі бойынша адам жұқтырған-жұқтырмағанын анықтау мүмкін емес, бірақ көбінесе ол бұл туралы білмейді. Инфекция үшін жеткілікті мөлшерде АИТВ қанда, ұрық сұйықтығында (сперматозоидтарда), әйелдердегі қынап-

тық секрецияда, емшек сүтінде болады. АИТВ-инфекциясының негізгі берілу жолдары: парентеральды, жыныстық және тік бұл жұқтырған жүкті әйелден оның туылмаған баласына берілуі. АИТВ-ның балаға берілуі жүктілік кезінде болуы мүмкін, бірақ көбінесе инфекция босану кезінде пайда болады.

ҚР-да донорлық кезінде АИТВ-инфекциясын жұқтыру жағдайлары тіркелген жоқ.

Донорлық қаннан алынған плазма препараттарының қауіпсіздігіне кепілдік беретін арнайы жүйе бар. АИТВ-ға алғашқы тексеруден кейін донор алты ай бойы бақыланады, содан кейін АИТВ-ға тест қайталанады. Бұл зерттеу қандағы вирусты тіркей алмайтын «серологиялық терезе» кезеңін болдырмау үшін жасалады. Донорлық плазма қайта тексерілгенге дейін арнайы үй-жайда сақталады. АИТВ-ға қайта талдау теріс болған жағдайда ғана плазманың бірінші бөлігін клиникалық тәжірибеде қолдануға болады. Ең сенімді нәтижеге қол жеткізу үшін донорлар ең сапалы тест жүйелермен сыналады.

Сондықтан донациялар арасындағы аралықтарды сақтаңыз, денсаулығыңызды қадағалаңыз, сонда донорлық сізге зиян тигізбейді және ондаған және жүздеген адамның өмірін сақтайды.

Б.ҚҰЛТАНОВА,
Астана қаласы әкімдігінің
«АИТВ-инфекциясының
алдын алу орталығы»
Эпидемиология бөлімінің
менгерушісі

Әр жазушының, әр жазғыштың өз машығы, мақамы бар. Ал біреулерде машық та, мақам да жоқ. Сылдыр сөз бен мағынасыздықтың шарқатын орай салып, кітап жазғыш атанып жүргендер көбейді бұл күнде. Самсаған баспалары мен кітаптары көп, оқырманы аз пиаршыл елге айналып барамыз. Сөздің дәмі мен мәні жете бағаланбаған жерде сөз де тозады. Тозаңға айналады. Бұл – қасірет. Ал Зейнеп Ахметованың баталы сөзден бастау алған кітаптары – әр қазаққа керек дүние. Зейнеп апай – тақырыбын тапқан жазушы. Оның тақырыбы – Бауыржан батырдың ұлағаты және ұлттық құндылықтар мен адамгершілік қағидалары. Осы екі желіні мықтап ұстайды да, тереңнен тартып, халықтың өткені мен бүгінін саралап, ертеңіне көз тастайды.

Зейнеп апайдың атасы Бауыржан Момышұлы туралы жазғандары қазаққа тән тәрбие мен ибаның биік мәдениетін танытады. «Менің биік дәрежем – «Момышұлының келіні» деген атағым» дейді Зейнеп апай. Расында солай. Атасы туралы жазбаларында Бауыржан Момышұлының өр мінезі мен шыншыл туралығын баяндайды. Зейнеп апайдың өзі жазғандай, асүйде үнемі жанында қаламы мен дәптері болған. Бауыржан батырдың үй ішіндегі әр сөзін қолы қалт еткенде жазып отырған екен. Кейін мұның бәрі жинақтай келгенде, кестелі орамалдай көз тартар әдемі туынды боп шыққанын өзі де байқамай қалған екен. Зейнеп апай былай деп жазады:

«Бақытжан бір жазушының кірпіштей қалың кітабын қолына салмақтап ұстап тұрып: – Мен де осындай үлкен шығарма жазғым келеді, – деді тамсанып.

– Әй, Черновик! – деді ата баласын өзіне жақын тарта сөйлегенде мырзалық жасап, осылай атайтын әдетімен. – Мәселе – көп жазуда емес, не жазуда, қалай жазуда. Александр Сергеевич Грибоедов өзінің «Горе от ума» деген жұп-жұқа кітабымен өзіне дейінгі орыс әдебиеті тарихын шалқасынан түсірді. Ал талайлар 10-15 томдарымен өздері шалқасынан түсіп жатыр, – деді». Езу тартар шындық. Енді бір жазбасында былай деп жазады:

«Бақытжан телефонда біреуге ащылау сөз айтып, тұтқаны тарс еткізіп орнына қойды. Осы көріністі байқап қалған әкесі:

– Неге сонша дауыс көтеріп өрескел сөйлейсің? – деді жаратпаған раймен.

– Өзі кінәлі. Адам секілді айтқандай, жұмсақ сөйлегенді түсінбейді. Бір емес, екі емес, тіпті төбеме шығып кетті, – деп Бәкең ақтала жауап берді.

– Ол кінәлі емес. Кез келген оп-оңай шығып кететін сенің жалпақ төбең кінәлі, – деп бұрылып жүре берді әкесі». Ойландыратын сөз. Бауыржан Момышұлы – тек батыр адам ғана емес, психолог, философ. Табанда тапқыр жауап табу санаулы ғана адамдар-



СӨЗ ҚОНҒАН ЖАН

Қазақта «сөз қонған» деген сөз бар. Сөзді сүйетін халықпыз. Сондықтан да бәріміз сөзге жақын боп, сөз тудырып не сөз таратып жүргенді ұнататын халықпыз. Сөз химиясын меңгерген елміз. Мұны өткен ғасырдағы шетелдік саяхатшы-зерттеушілер де жазып кеткен. Қазақтың сөзі терең, мағыналы, сұлу деп. Киелі деп. Қазақта сөз қонғанды «киесі бар» дейді. Зейнеп Ахметова жай адам емес. Сөз қонған жан. Мұны мен ол кісінің өзіме тарту еткен кітаптарын оқып, тоқығанда сезіндім. Ертеден бір данышпанның сөзі бар. «Бұрынғының адамдары көп оқитын, көп ойланатын. Қазіргінің адамдары көп оқиды, бірақ көп ойланбайды» деген. Зейнеп апайдың кітаптарын оқыған соң, ойлана бастайсың. Сөзі сүйекті, ойы жүйелі. Сүйекті сөз – ойдың жемісі. Ал да кемір. Зейнеп Ахметова апамыздың «Бабалар аманаты», «Күретамыр», «Теңбіл тіршілік» кітаптары шынымен кеміріп оқитындай шығармалар екен.

дың маңдайына жазылған ба деп қаласың кейде. Бауыржан Момышұлы – қазыналы адам. Ол – ұлттымыздың айбыны, сесі, ақыл-қайраты. «Ең бейшара адам – дұшпаны жоқ адам. Ең бақытсыз адам – жан досы жоқ адам» деген екен Баукең. Бұл сөзден кейін адамға кейде дұшпан да керек пе деп қаласың ойланып. Керек екен. Қандай адамның дұшпаны болады? Ойы озықтар мен батыл жүректілердің жанында топырлап топ-тобыр толып жүргенмен, солардың бәрі шын дос емес. Баукең осы тұрғыдан айтқан шығар.

«1982 жылдың жаз мезгілі еді. Атам қайтыс болғанда Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуының 250 жылдық мерейтойын тойлап жатқан. «Қосылсандар, өздерің қосылындар, мен кеттім» дегендей атам сол күні қайтты. Той тойланды. Ерtesі РСФСР әдебиеті мен мәдениеті күндері басталды. Бүкіл танымал орыстың бәрі келді. Солай той тойлап жатқанда атамды жерлей алмады. Құдай басқа



«Ұлттық тәлім-тәрбие мемлекеттің діңгегі болғанда ғана, ұлт та өседі. Тамырынан адаспайды» деген ой салады Зейнеп апай. Ұлтқа, ұлттың болашағына, тәрбиесіне байланысты ойларын жаны ашып, жүрегі күйіп отырып баяндайды. Тәрбие тек сөзбен ақыл айту емес, тәрбие көрсетуден даритынын тәптіштеп жазады. Шынында солай. Сөзі басқа, ісі басқалар кімге тұлға болмақ?

салмасын. Қазір ойласам, әлі күнге жүрегім ауырады. Ол кезде Кеңес Одағының кезі. Біз араласа алмаймыз. Қазір болса, аулақ жүріңдер дейтін едік қой. Солай төртінші күні дегенде атамды жерледі. Бірінші Кеңсай деп аталатын жерде жоғары жағына, көкмайса гүлденген оңаша төбеге атам жалғыз қойылды. Атаны жерлеп жатқанда ауа райы күрт бұзылып, найзағай ойнап, қара бұлт үйіріліп, астаң-кестең болды. Әскери адам болған соң сарбаздар аспанға үш рет оқ атқан. Бәрі содан деп ойлады. Бірақ, меніңше, ол – басқа тылсым дүние. Табиғаттың тылсым күші ме деймін. Алланың атаны төрт күн жатқызып қорлағанына кейігені ме, табиғаттың ерекше тосын мінезі ме, адам түсінбейтін құбылыс болды. Көпшілік қатты таңғалды. Оның алдында ғана күн ашық еді. Тосыннан бұзылды. Бұл басқа тылсым күш» деп жазады Зейнеп Ахметова. Табиғаттың тосын мінез көрсетуі де тегін емес шығар. Құдай сүйген Момыштың ұлы Бауыр-

жанға жердегі екі аяқты пенделердің көзжұмбайлыққа барып, қырын қарауы аруақты да қозғаған шығар. Табиғаттың тылсым сыры көп қой ашылмаған. Бір билеріміз, Бауыржан Момышұлы есімі алтын әріптермен жазылып, ел тарихында қазақпен бірге мәңгі жасай береді.

Зейнеп апайдың екінші тақырыбы – маңызын жоғалтпайтын мәңгілік дүниелер ұлттық салт-дәстүр, ұлттық идеология, ұлттық тәрбиеміз туралы толғанысы. «Тәрбиенің өзі – имандылық. Қыз тәрбиелі болмай – ұлт тәрбиелі болмайды. Бала кезінде ұлттық тәрбиемен сусындаған қыз бала бойжеткенде де сол әдебін сақтайды» деп бүгінгі жас ұрпақ тәрбиесіне аса мән беру қажеттігін жазады. Жаһандану заманында қазақ ұлты жаһанданудың тамағына жұтылып кетпес үшін қам жасап, ұлттық құндылықтарды сақтауға шақырады. Ол үшін ұлттық құндылықтарымызды сақтайтын туған тіліміз екенін және тіліміз арқылы ұлт ретін-

де өзімізді күшті, қуатты сезіне алатынымызды жазып та, сыр-сұхбат, кездесулерінде жағы талмай айтып, насихаттап келеді. Қазақтың ырым-тыйымдары, салт-дәстүрлері туралы да жазып, олардың мән-мағынасын бүгінгі заманауи оқырманға түсіндіреді. Қазақтығымыздан ажырап бара жатқан шақта бұл өте керек әңгіме.

«Бұрын қазақта қазіргідей үлкен-кіші, еркек-әйел жаппай сүйісіп амандаспайтын. Әсіресе, батпандай ер-азаматтардың кездескен жерде сүйісіп амандасуы – қазақ қауымында бұрын атымен жоқ еді. Бұл Хрущевтің билік құрған кезінен кең етек алып, жайылып кетті. Ерлер қолдасып амандасушы еді. Сағынысып көріскенде құшақ айқастырып қауышатын. Міне, осыларды «еркекше сәлемдесу» дейді. Ал әйелдер өзара құшақтасып, сүйісіп амандаса беретін. Қариялар өзінің баласындай, немересіндей жастарды жақсы көріп еміренгенде құшағына қысып, арқасынан қағатын. Бұрын қазақтар ер баланы еркелеткенде басынан сипамаған. Арқасынан қаққан. «Басынан сипау – ұл баланы аяп, мүсіркеу сезімдерін туғызады, төмен қарап жүретін жасық болып қалады» деп түсінген. Ата-ана, ел-жұртына қорған болатын, шаңыраққа ие болатын ұлдың көзін жерден алмайтын жігерсіз, есіркеуді тілеп тұратын ынжық болғанын қаламаған. Ал арқасынан қаққанда ер бала батылданады, жігерленеді, еңсесін тік ұстап, тура қарауға дағдыланады. Неге болса да тайсалмай қарайтын қайратты, батыл болып ержетсін деп ұлды арқадан қағыпты. Ал қыздарды керісінше басынан сипаған. Қыз – жатжұрттық, «кететін бала ғой» деп еркелетеді. «Алдында не күтіп тұр екен, тағдыр-талайы қалай болады» деп басынан сипап аялаған. Қыз баланы басынан сипағанда басы еріксіз еңіс тартады, көз жанары төмен түсіп, жасырынады. Кісі бетіне бажырайып қарамайтын әдетке үйреніп, қызға лайық биязы мінез қалыптасады» деп жазады кітабында Зейнеп апай.

«Ұлттық тәлім-тәрбие мемлекеттің діңгегі болғанда ғана, ұлт та өседі. Тамырынан адаспайды» деген ой салады Зейнеп апай. Ұлтқа, ұлттың болашағына, тәрбиесіне байланысты ойларын жаны ашып, жүрегі күйіп отырып баяндайды. Тәрбие тек сөзбен ақыл айту емес, тәрбие көрсетуден даритынын тәптіштеп жазады. Шынында солай. Сөзі басқа, ісі басқалар кімге тұлға болмақ?

Зейнеп Ахметова өзінің мағыналы, мәнді кітаптарымен осылайша оқырманға ағынан ақтарылып отырып, дәстүр мен жаңашылдықтың арасын саралай отырып, ұлттық педагогикамыздың темірқазығын бекіте түседі. Зейнеп апайдың үлгісі кейінгіге – өнеге, сабақ. «Тіл не ойласа, жүрек соны айтады» деп Абай айтқандай, даналық та, тазалық та, ғибрат та Зейнеп апайдың өз бойынан шығады. Өзі тәрбиелі адамның сөзі де тәрбиелі.

Маржан ЕРШУ



ОТАНДЫ СҮЮ – ИМАННАН

Отан – әрбір адамның дүниеге келіп, топырағында аунап-қунап өскен жері. «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл» деп айтылғандай, адам баласын Отансыз, туған жерсіз елестету қиын. Қазыбек бидің:

Алтын ұяң Отан қымбат,

Құт-берекең атаң қымбат.

Аймалайтын анаң қымбат,

Мейірімді апаң қымбат, – деп айтқанындай, Отанға, туған елге, оның

топырағына деген сүйіспеншілік әрбір жан үшін киелі ұғым саналмақ.

Асыл дініміз исламда бес нәрсені қызғыштай қорғауды міндеттейді. Олар: Отаныңды, дініңді, ар-намысыңды, жаныңды, дүниенді. Халық нақылында «Туған елінің қадіріне жетпеген өз қадіріне жетпейді» делінген. Туған жері мен елін құрметтеу, оның даңқын асыру – әрбір азаматтың міндеті. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы:

«Отан – өткенімізді танып, бағалай білу, ең әуелі өзімізді қадірлей білу» деп айтқанындай, Отанды қадір тұтуды мұрат еткен адам, өзін де, өзгелерді де қадір тұтуы қажет.

Отанға қызмет – ерге міндет. Біздің Отанымызға деген сүйіспеншілігіміз ел игілігі үшін жасалған жақсылықтарымызбен, қоғамға пайдалы болуымызбен өлшенбек. Ондай ерлер халқымызда аз болмаған. Мысалы, Алаш

ардақтысы Әлихан Бөкейханов «тірі болсам қазаққа қызмет етпей қоймаймын» деп айтып, елге деген шынайы сүйіспеншіліктің, оған қызмет етудің, хас үлгісін көрсетіп кеткен.

Ардақты пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «Адамдардың ең жақсысы өзгелерге пайдалы болғаны» деген.

Ата-бабалармыз түрлі жағдайлармен елінен жыраққа кеткенде туған

жердің топырағын, жусанын өзімен бірге алып жүретін болған.

Елін, жерін сағынғанда есіне алып, сол топырақтан иіскейді екен. Сондықтан туған жердің ауасы – топырағы жанға шипа, тәнге дәру.

Ендеше әр адам туған жерінің қадірін біліп, өз Отанын жақсы көріп, оған пайдалы болуға тырысуы қажет. **«Бабалар ізімен қазақ даласындағы мұсылмандық мектеп» кітабынан**

Шапағат
ӘБДІР

Шынында да бұл мәселе туралы қоғамда түрлі сын-пікір көп. Әсіресе, мәдениет жанашырлары мен руханият жоқтаушылары киноның ұлттық идеология екенін айтып ертеден-ақ дабыл қағып келеді. Бұл туралы ақын, журналист, Мәжіліс депутаты Жанарбек Әшімжан да Премьер-министр Олжас Бектеновке кино саласы туралы депутаттық сауал жолдап, қазіргі кино саласының қантамырындағы вирус пен күресуді дер кезінде қолға алайық деп дабыл қаққан.

«Кино – идеология, кино – саясат, кино, керек десеңіз, ұлттың қауіпсіздігі. Дәл осы найзағайдың отына нан пісіріп жатқан кезеңде кино бірінші кезекте бизнес емес, өнер, ұлттық ұстаным миссиясын атқару керек. Сондықтан режиссерлер мен сценаристер ең әуелі кинофестивальдардан сыйлық алуды емес, киноның ұлтқа әкелер пайдасын, ұрпаққа берер тәлімін көбірек ойлағаны лазым. Тіпті, бала-шағамызбен қатар отырып фильм көрсең, бетіңнен отың шығып кірерге тесік таппайсың. Анайы эпизодтар мен сүйегіңнен өтетін бейпіл диалогтар, шұп-шұбар тіл, атыс-шабыс, жадағай жаргон сөздер, одан қалса әр жерден ұрлап-жырылап, көшіріп алған инкубатор-фильмдер. Керек десеңіз, мұндай теріс имидж тудыратын фильмдер ақыл-есі түзу жұрттың ашуын туғызуда. Ең қиыны, қатаң сүзгінің жоқтығынан қазақтың көркем де шұрайлы тілі күйреп жатыр. Экран мен эфирде көшенің тілі үстемдік ала бастады» деп айтқан мәжілісімен «Кинематография туралы» заңды қатаңдату бағытында бірлесіп жұмыс істеуге әзір екендіктерін айтып, ұлттық киноны өркендету жолындағы өз ұсынысын да ортаға салған болатын.

ҚАЗАҚ КИНОСЫ
ҚАЙ ДЕҢГЕЙДЕ?

Жалпы, кино – авторлық, коммерциялық, тарихи, патриоттық және фантастикалық, драмалық, анимациялық деген сияқты бірнеше бағытқа бөлінеді. Әр жанр өз көрерменін тартуды көздейді. Яғни, авторлық кино адамның ішкі дүниесін, ұлттық болмысты, философияны көрсетсе, коммерциялық кино кең аудиторияға арналған жеңіл сюжеттер мен әзілдерді ұсынады. Қазақ киносы халықаралық деңгейде танымал болуға ұмтылып, бірақ әлі бәсекеге қабілетті емес, ал әлемдік кино технология мен инклюзивтілікке бағытталып, жаңа идеялар мен қысқа форматтарды іздегісіп жатыр. Соңғы онжылдықта қазақ киносы айтарлықтай жаңарды. Бұрынғы кеңестік шаблондардан арылып, ұлттық ерекшелікті, тарихи оқиғаларды, қазіргі қоғамдағы түйткілдерді көрсететін авторлық және коммерциялық фильмдер көбеюде.

Айталық, Сент-Эндрюс халықаралық кинофестивалі (Шотландия, 2022): Бас жүлдені Meta Film Fest (Дубай, 2022): «Үздік фильм» номинациясын иеленген «Мұқағали» фильмі, Шанхай халықаралық кинофестивалі (Қытай, 2024): «Үздік фильм» және басты рөлді сомдаған Амира Омарова «Үздік актриса» жүлделеріне ие болған «Талақ» фильмі, Cinema Heritage фестивалінде (Франция, 2024): Арнайы жүлдеге ие болып, Vaku International Film Festival (Әзербайжан, 2024): Бас жүлдені жеңіп алған «Бауырына салу» фильмі біздің ұлттық кинодағы басімізді жоға-

Атақты АҚШ режиссері, Орсон Уэллс «Кино – бұл әлемдегі ең жақсы пойыз. Ол сені кез келген бағытқа, кез келген дәуірге алып бара алады» десе, қазақтың аймаңдай ұлы Шәкен Айманов: «Кино – халықтың рухани айнасы» деп баға берген болатын. Мейлі, қай кезеңде болсын кино ұлттық сана мен мәдениетті көтерудің басты құралы екені ақиқат. Ал Бурабайда өткен құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та кино өндірісінде сапаға мән беру керектігін айтып, фильмдер негізінен жеке қаржыға түсірілуде, сондықтан оларды кинотеатрға шығармас бұрын алдын ала сүзгіден өткізу қажет екендігін ескерткен.



КИНО:
ТӘРБИЕ МЕ,
ТАБЫС КӨЗІ МЕ?

рылатты. Кеше ғана Халықаралық Шығыс Европа кино фестивалінде каскадер, режиссер, һәм актер Қаратүрік Ғалымбектің «Тұтылған жарық» туындысы ең үздік қысқа метражды фильм жүлдесін ұтып алды. Дейтұрғанмен, бұл біздің кино саламыздың дамып кеткендігінің көрінісі емес. Режиссерлерімізді ұлттық идеологияны түзетудің орнына бұзатын, жастарды жақсылыққа емес, жеңіл күлкіге тәрбиелейтін кинолардың көбейіп кетуі алаңдатады.

– Кино – кашан қай кезеңде болмасын, ең алдымен, идеология мен тәрбие құралы. Ол ұрпаққа ой салып, ұлттық болмысты танытып, санаға әсер ететін күшке ие. Сонымен қатар, кино – синтезді өнер, онда драматургия, режиссура, актерлік шеберлік, музыка, сурет сияқты бірнеше салалар тоғысады.

Бүгінде өкінішке қарай, қаржы басты орынға шығып, кино табыс көзіне айналып кеткен. Бірақ бұл киноның тәрбиелік, идеологиялық маңызы жойылды деген сөз емес. Кино – халықтың тілі мен дәстүрін сақтайтын соңғы мүмкіндігі. Сондықтан оның бойында халықтың музыкасы, салт-дәстүрі, тілі мен ділі, тіпті ұлттық код деп аталатын құндылықтардың бәрі орын табуы тиіс. Өйткені өзге өнер түрлері ұмытылып бара жатқан заманда, тіл мен дәстүрдің соңғы панасы – көбіне экран, яғни кино болып отыр. Тілдің құдіреті мен құнары да кино арқылы ғана көрерменмен қайта қауышуы мүмкін.

Ал бүгінде кино саласында жүрген кейбір адамдардың кітап бетін шапағаны, білмең құлықсыздығы, ой-өрісінің тарлығы, көрерменді сыйламауы – елдің рухани дамуына кері әсер ететін факторлардың бірі. Екі-үш сериал көріп, бір сценарий жазып шыққан адам бірден өзін режиссер, продюсер санап, үлкен экранға жол тартып жатады. Бірақ олардың жасап жүрген дүниесі шынайы кино емес. Сапасыз, арзан күлкіге құрылған, көркемдік деңгейі төмен фильмдер көрерменге қиянат жасап, рухани кеңістікті улайды. Сондықтан кино түсіретін адам тек маман

емес, зиялы, білімді, мәдениет пен тарихты білетін тұлға болуы тиіс.

ШАЛАҒАЙЛАР
АРАЛАСА МА?

Кәсіби емес, шалағай адамдардың кино саласына араласуы – ұлттық мәдениетіміздің ақырзаманы. Мұндай ахуалды түзетудің жолы – киноны қатаң сүзгіден өткізу. Әр фильм Мәдениет министрлігінің және тәуелсіз көркемдік кеңестің мақұлдауынан өтуі қажет. Сонда ғана сапа артып, көрермен талғамы өседі. Сайып келгенде, «әннің де естісі бар, есері бар» деп Абай айтқандай, бүгінгі таңда «Киноның да естісі есері бар, көрерменнің көкейін тесері бар» дейді кинорежиссер, кинодраматург, Қазақстанның халық әртісі Талғат Теменов.

Кейбір режиссерлер ұлттық кино дегеніміз ұлттық шапан киіп алып, атқа міну емес. Қазіргі таңда қазақ киносы біртіндеп дамып келе жатыр деген пікірде.

– Қазіргі таңда ұлттық киноны екі бағытта қарастыру қажет. Бірі – коммерциялық бағыт, екіншісі – идеологиялық-ұлттық бағыт. Бұл екеуін ажырату – бүгінгі кинематографияның болашағын дұрыс бағдарлаудың бірден-бір жолы. Коммерциялық бағыттағы кино – бұл, ең алдымен, табыс табуға бағытталған өнім. Онда негізгі мақсат – көрермен тарту, кассалық табысқа қол жеткізу. Сондықтан мұндай кинолардан ұлттық тәрбие мен рухани мазмұнды іздеу артық. Себебі оның басты мақсаты – тәрбие емес, қаржылық қайтарым. Бұл – өндірістік процестің бір түрі. Әрине, көрерменді қызықтырып, көңілін көтеру үшін мұндай дүниелердің де қажеттігі бар шығар. Бірақ оны ұлттық кино деп атау – қателік. Сондықтан кейінгі жылдары жарық көріп жатқан көптеген кинолардан ұлттық бағыттағы идеологияны іздеп әуре болудың қажеті жоқ. Себебі оларда ұлттық киноның басты критерийлері – ұлттық психология, рухани тереңдік, тілдің құнары, діл мен дәстүр жетіспейді. Біз кейде атқа мінген кейіпкерді, қазақы шапан киген образ-

ды көріп, «міне, ұлттық кино» деп қабылдай саламыз. Бірақ бұл – ұлттық киноның сыртқы көрінісі ғана. Шынайы ұлттық кино – ұлттың қан тамырында бүлкілдеген рухты, ғасырлар бойы қалыптасқан болмысты бейнелей алуы керек. Мұндай терең дүниені жасау тек кәсіби, жан-жақты білімді, рухани деңгейі биік режиссерлердің ғана қолынан келеді. Алайда бұған қарап, қазіргі қазақ киносының деңгейін жоққа шығару – әділетсіздік. Әрине, кинолардың көпшілігі коммерциялық бағытта түсірілуде. Бірақ соның өзінде қазақ киносы жыл сайын өсіп келеді, көрерменге жол тартқан фильмдердің саны артуда. Бұл – қуанарлық жағдай. Алайда өкінішке қарай, сол фильмдердің тілдік сапасын, идеялық бағытын, тәрбиелік мазмұнын сүзгіден өткізетін арнайы мекеме немесе комиссия жоқтың қасы. Сондықтан жоғарыдан бақылау, кәсіби сараптама, мәдени сүзгі орнату – уақыт талабы. Кәсіпқойлық жағынан алғанда, кейбір режиссерлер көркемдік талаптан жиі сүрінеді. Десе де, мемлекет қолдауымен түсіріліп жатқан кәсіби жобалардың деңгейі жылдан жылға жақсарып келеді. Мұны жоққа шығаруға болмайды. Бір фильмнің жарыққа шығуына қаншама еңбек жұмсалатыны, оның сценарийі қаншама мәрте өзгеріп, режиссерлік шешім қанша рет пісіп-жетілетіні оны көріп отырған адам түсіне бермейді. Сондықтан сол қиындыққа қарамастан сапалы дүние жасап жүрген азаматтарға қарап шығумен тәнтгі боласың.

Бір сөзбен айтқанда, қазақ киносы – бәйтерек секілді. Қазір ол көкпестеледі. Тамыры тереңдеп, жапырағы жайылып, алда жайқалып өсетініне сенім бар. Бірақ сол бәйтеректің дұрыс суарылуы, арамшөптен арылтылуы, уақытылы күтілуі – біздің міндетіміз. Яғни қазақ киносына да мемлекеттік тұрғыдан жүйелі қамқорлық пен жауапкершілік қажет.

ҰЛТТЫҚ КИНО
ҰПАЙЫ ҚАНДАЙ?

Сонымен қатар, «ұлттық кино» тек тарихи туыңды болуы шарт деген жаңсақ пікір-

ка және триллер жанрларын да түсірілген. Бұл жанрлар көрермендерді өзіне тартып, жоғары кассалық табыстарға қол жеткізген. Отандық және шетелдік туындылардың арасындағы жеңімпаздар да осы жанрларда. Мысалы, «Патруль» комедиясы, «Minecraft» фантастикалық шытырман оқиғасы және «Новичок» шпиондық триллері көшбасшы болып тұр. Олардың кассалық көрсеткіштері де әжептәуір. Ал бұған дейін қойылған кез келген комедиялық бағыттағы кинолардың да кассалық құны өзін-өзі ақтағанын білеміз. Мәселе – оның ақшасында емес, мәселе сол киноның ұрпаққа беретін тәрбиесінде.

Осыған дейін мысалы, 2024 жылы қазақстандық 90 фильм ұлттық прокатқа шыққан. Оның алтауы миллиард теңгеден астам касса жинаған. Олардың көш басында «Таптым-ау сені» киносы тұр.

Бұл фильм екі ай ішінде 1,827 миллиард теңге жинап, Қазақстандағы ең табысты отандық фильм атанған. Одан кейін бір айда 1,728 миллиард теңге жинаған «Дәстүр» киносы тұр. Бұл қатарда «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмі де бар. Ол 1 миллиард теңгеден астам табыс тапқан. Дегенмен қай кезде де комедиялық фильмдер көш басында тұр.

Ал биылғы 24 сәуір күні премьерасы болған «Қызыл дамбал» киносының билеттері 1200 теңгеден 3000 теңгенің арасында сатылып бастады. Көшелерде де жарнамасы жаңғырып, жарқырап тұр. Ал енді осының атауының өзінен адам ұялады. Қанша жерден мелодрама болса да, қазақша басқа тартымды ат құрып қалғандай мұндай киноның осындай атаумен шығуы адамды қынжылтады. Қазақ – күлдіре алу мен күлкіге қалудың арасын жақсы білетін халық. Сондықтан кассалық табыс әкелген киноның бәрі бірдей тәрбие емес екенін айтқан көрермендер қазіргі кинолардың жарнамасы үшін барып алып, көргені үшін өкініп шығатындарын айтады.

– Киноға адамдар көбінесе өздерін басқа әлемде сезіну, эмоциялар алу, ойлану немесе жай ғана көңіл көтеру үшін барады. Сонымен қатар өмірге деген көзқарасымды өзгертсе, жаңа ойлар мен әсерлер берсе деп барамыз. Алайда баруын барып аласың да қарның ашып шығасың. Өйткені бүгінгі киноөндірісінде, көп жағдайда коммерциялық бағыт басым болып, көрерменнің рухани қажеттілігі мен терең мазмұн іздеуі артта қалды. Қазір экшндер, арзан әзілдер мен жеңіл комедиялар көбейіп, киноның шынайы өнер ретіндегі маңызы төмендеуде. Бұл фильмдер көрерменнің көңілін көтеріп, уақытша қана қызықтыруы мүмкін, бірақ олар жан-дүниені ой салатын, ұлттық рухты, құндылықтарды насихаттайтын туындыларды ұсынбайды. Егер арнайы барып көрген фильмдер сондай халде болса, онда неге біз ақшамызды шығындап кинотеатрларға баруымыз керек. Одан да уютубтан, немесе басқа да интернет құралдарынан өзімізге қажетті фильмді көріп жата бермейміз бе деген де ой келеді. Сондықтан қазіргі режиссерлер барынша біз сияқты көрермендерді аяп, ұлт үшін, идеология үшін жұмыс жасауы керек деп ойлаймын, – дейді астаналық көрермен Жасұлан Берденов.

Мейлі, қалай болмасын ұлттық кино – бұл ұлттың жаны мен жадының айнасы. Сол себепті кино тек көңіл көтеру үшін емес, елдің рухын ояту, тілін тірілту, дәстүрін дәріптеу үшін жасалуы тиіс. Ұлттық кино өмірді бейнелеп қана қоймай, ұлттың болашағына жол сілтейтін шамшырақ болуы қажет.

САҒЫНЫШ – ҒҰМЫР

Ұлттық академиялық кітапханада белгілі ақын, ғалым, әнші-композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Елена Әбдіхалықованың «Менің жалғыз жұлдызым» және түрік тілінде жарық көрген «Қош дерсің» атты жыр жинақтарының, сондай-ақ «Сағыныш-ғұмыр» атты партитуралар жинағының таныстырылымы өтті.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Ақынның қос жыр жинағына әр жылдары жазған өлеңдері мен әндерінің мәтіндері топтастырылған. Ал «Сағыныш-ғұмыр» атты жинағында композитордың көпшілікке танымал туындыларының оркестрге арналған партитуралары мен ноталары берілген.

Мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, ақын-жазушылар, журналистер, оқырмандар мен жалпы өнерсүйер қауым қатысқан іс-шарада Қазақстан Президентінің кеңесшісі, академик Бауыржан Омар ақынға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хатын тапсырып, жылы лебізін жеткізді. Көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әлібек Асқаров Елена Әбдіхалықованың әндеріне тәнті екенін айтты. Мемлекет және қоғам қайраткері Күләш Шәмшидинова Еленаның әндерін еңкейген қариядан бастап еңбектеген балаға дейін сүйіп тыңдайтынын айта келе, әншілігіне тоқталды.

Таныстырылымды жүргізген белгілі ақын, Жазушылар одағының Астана қалалық филиалының директоры Бауыржан Бабажанұлы Елена Әбдіхалықованы жұртшылық алдымен айтыскер ақын ретіндегі танығанын, кейіннен ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңіне жазған «Есіңе мені алғайсың», көрнекті ақын Ұлықбек



Есдәулеттің өлеңінен туған «Көздеріңе ғашықпын» әндері таралғанын, «Сыр сүлейлерінің жазба айтысы» тақырыбында кандидаттық қорғағанын айтты өтті.

«Сағыныш-ғұмыр» атты партитуралар жинағының жарық көруіне атсалысқан дәулескер күйші, ұстаз, өнертанушы, К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Жанғали Жүзбай қазақтың ән мен күй өнеріндегі қыздар шығармашылығына тоқтала келе, Елена Әбдіхалықованың музыкасының ерекшеліктері туралы айтты. Белгілі ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Әбубәкір Смайылов Еленамен қазақтың тұңғыш барды Табылды Досымов таныстырғанын айтып, естеліктерді жаңғыртты. Белгілі журналист Жайна Сламбек, журналист-жазушы Жадыра Шамұратова ақындық, композиторлық қырларына тоқталды. Театр режиссері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлсина Мирғалиева Елена Әбдіхалықованың әндері драматизмге толы екенін, әр әні бір спектакльге татитынын айтты. Ақын, аудармашы Әсем Ережеқызы Еленаны айтыста ұстаз тұтқанын жеткізді. Көрнекті ақын Маралтай Райымбекұлы бастап, Толқын Қабылша, Олжас Сәндібек, Батырхан Сәрсенхан, Айдын Байыс, Назгүл Бердіқожа, Ажар Ерболған сынды жас ақындар өлеңдерін оқыды.

Таныстырылымды түйіндеген Елена Әбдіхалықова бұл кітаптар пандемия кезінде «Профи медиа» баспасынан жарық көргенін, аталмыш баспа иелері Жандос Бәделұлы мен Халима Тәжіқұлға және жиналғандарға алғыс айтты.

ЖЫРДАН МАРЖАН ШАШЫЛДЫ

Наурызбек, Құдайберген, Жақсылық жыраулардың жалғасындай, бүгінге жеткен көзі мен ағындай өнер иесінің бірі – белгілі жыршы, Мәдениет саласының үздігі Қоныс Жүсіп елуге толып, Астанада Музыкалық жас көрермен театры сахнасында еліміздің түкпір-түкпірінде осынау бекзат дәстүрді насихаттап жүрген саңлақ өнер иелерін жинап, тамаша ғажайып кеш өткізді. «Жырдан маржан шашайын» атты шығармашылық жыр кеші аншлаппен өтті.



Мерейтой аясында қазақтың дәстүрлі өнерінің дамуына сүбелі үлес қосып жүрген жыр тұлғасына Астана қаласы әкімінің Алғыс хаты табысталды. Іс-шараға еліміздің әр аймағынан және Қарақалпақстаннан келген өнер қайраткерлері қатысты.

Жыраулық дәстүрдің бес мектебінен келген өнер иелері жырдан шашу шашып, мерейтой иесіне шын ықыластарын білдірді. Қазақ музыка мәдениетінің

бір бөлшегі болған Бесқала жыраулық дәстүрінің мұралары бүгінгі күнде елімізде және Орта Азия театрларында, үлкен сахналарда, оқу орындарының залдарында орындалып, халыққа рухани азық болып келеді. Қазіргі таңдағы өкілдерінің қатарында Наурызбек жыраудың жолымен айтатын Әсербай Сәрсенбайұлы, Сәрсенбай Рахманбердиев секілді белгілі жыраулардың қатарында Қоныс Жүсіп те бар.

Наурызбек жырау мектебінің белді өкілі Қоныс Бесқала жыраулық дәстүрінен басқа репертуарында көптеген жыр-дастандар, өлеңдер бар. Олардың қатарында эфирде орындалып жүрген «Әбубәкір Кердерінің сөзін», «Тұрмағамбеттің сөзін», Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларын айтуға болады.

Астанадағы Музыкалық жас көрермен театрында әуелеген жыр-әуендер, термелер жанымызды тазартып, рухани биікке көтерді. Сахнаны ұлттық әшекейлермен әрлеп, қазақтың дәстүрлі өнерін елордаға жиналған қалың қауымға паш еткен қазақ өнерінің жанашыры, үлкен жүректі азамат Музыкалық жас көрермен театрының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, PhD докторы, профессор, театр режиссері Асхат Маемировка да айрықша алғыс айту да орынды.

«Ердің жасы – елуге» келіп, ел адында есептік концертін беріп, перзенттік борышын орындап жүрген бекзат өнердің иесі Қоныс Жүсіпке, жары белгілі дәстүрлі әнші Ырысты Сүлейменовқа шығармашылық табыс, отбасыларына амандық тілеп, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын киелі өнерге қызмет ете беруін тілеп, болашақта талапты шәкірттері, талантты ұл-қыздарға үйретері көп болсын дейміз.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Астанада өткен парадзюдо бойынша әлем чемпионатында Қазақстанның әйелдер құрамасы мен ерлер құрамасы тарихи жетістікке қол жеткізіп әлем чемпиондары атанды.



Атап айтар болсақ, Қазақстан әйелдер құрамасы жарыста айналмалы жүйе бойынша күресті. Белдесулерде біздің спортшылар Түркия, Үндістан және Өзбекстан құрамаларын сенімді жеңіп шықты. Тек Бразилиядан жеңілгенімен, жалпы есепте ұпай саны бойынша көш бастап, әлем чемпионатының жеңімпазы атанды. Ал екінші орынды Түркия, үшінші орынды Бразилия иеленді.

Ал жарыстың шешуші кезеңінде Қазақстанның ерлер құрамасы тартысты финалда Бразилияны 4:3 есебімен ұтты. Негізгі белдесулерде командалар алма-кезек жеңіспен алмасты. Ал соңғы кездесуде Жұрқамыра Шүкірбеков Париж Паралимпиадасының қола жүлдегері Марсело Касановадан вазари әдісімен басым түсті.



ҚУАНЫШ – КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР

Грузия астанасы Тбилиси қаласында пара пауэрлифтингтен өткен Әлем кубогы өз мәресіне жетті.

25 елден 134 спортшы қатысқан дүбірлі додада астаналық пара спортшы Қуаныш Рахатұлы пара пауэрлифтингтен әлем кубогында топ жарды.

Байрақты бәсекеде отандасымыз 54 келі салмақ дәрежесінде 110 келіні бағындырып, 10 қарсыласын артта қалдырып күміске қол жеткізсе, ол тағы да үш әрекеттің қорытындысы бойынша да күміс медаль иеленіп, Қазақстан туын биікте желбіретті.

Қуаныш Рахатұлы бұл спорт түрімен 18 жасынан бері айналысып келеді. Ол – пауэрлифтингтен Қазақстан чемпионаты мен Кубогының бірнеше дүркін жеңімпазы. Қазіргі уақытта спортшы әлем чемпионаты мен Азия ойындарына қарқынды дайындық жүргізуде.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 57
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС